

"Қазақстан Республикасының ұлттық және өңірлік брендтерін қалыптастыру мен ел ішінде және шетелде ілгерілету және мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 100-ө өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 30 сәуірдегі № 30-ө өкімі "Қазақстан Республикасының ұлттық және өңірлік брендтерін қалыптастыру мен ел ішінде және шетелде ілгерілету және мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 100-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген өкіммен құрылған Қазақстан Республикасының ұлттық және өңірлік брендтерін қалыптастыру мен ел ішінде және шетелде ілгерілету және мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру жөніндегі комиссияның құрамында:

1 және 2-тармақтарда:

мына:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары (келісім бойынша), төрағаның орынбасары" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитетінің төрағасы, хатшы";

мына:

"Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры (келісім бойынша), хатшы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры (келісім бойынша)";

2) көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасының ұлттық және өңірлік брендтерін қалыптастыру мен ел ішінде және шетелде ілгерілету және мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық ақпарат комитеті Комиссияның жұмыс органы болып табылады".

Премьер-Министр

К. Мәсімов